

Қазақстан Республикасының Таиланд Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 254 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Таиланд Корольдігімен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Таиланд Корольдігіндегі Елшілігі ретінде қайта құру жолымен Қазақстан Республикасының Таиланд Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев*